

## **2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру бойынша ақпарат**

### **Қаржыландыру**

2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде **2014 жылы** 5292,5 млн. теңге (РБ -2875,6 млн. теңге, ЖБ – 2416,9 млн.теңге) бөлінді, бұл 18,1%-ға кем.

### **Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту**

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру басында 49 мектепке дейінгі ұйым пайдалануға берілді, оның ішінде мемлекеттік – 46, жеке меншік – 3.

Нәтижесінде 3-тен 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 100%-ды құрады (2010 ж. – 95,3%), 1-ден 6 жасқа дейінгі - 72 % (2010 ж.- 69%).

Қабылданған шараларға қарамастан 2015 жылғы 1 қаңтарда балабақша кезегінде тұрғандар саны 23746 баланы құрады. Кезекте тұрғандардың көбі Павлодар (17343), Екібастұз (4466), Ақсу (1482) қалаларында байқалады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын қысқарту үшін мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктер белсенді ат салысуда.

Облыста 2015 жылы 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 8 балабақша ашу, олардың ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік серіктестік шеңберінде 320 орындық балабақша құрылысы есебінен 7 балабақшаны қайта қалпына келтіру (Павлодар қаласы – 4, Шарбақты, Лебяжі, Май аудандары – 1-ден), сондай-ақ жұмыс істеп тұрған 2 балабақшаның алаңдарын кеңейту (Ақсу, Екібастұз қалалары) жоспарланған.

Балаларды қамту жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар есебінен де қамтамасыз етілуде. Мемлекет мемлекеттік емес мектепке дейінгі ұйымдарға олардың мемлекеттік тапсырыс есебінен орналастырғаны үшін қолдау көрсетеді.

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тапсырысты жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда орналастыру 2010 жылдан бастап олардың санын 1-ден (Павлодар ауданы Луганск ауылында 45 орындық балабақша) 6-ға дейін, 2015 жылы (3 шағын орталық және 3 балабақша) 620 орындық бірлікке арттыруға мүмкіндік берді.

Жеке меншік ұйымдарда мемлекеттік тапсырыс есебінен 75,2% немесе 466 орын, олардың ішінде 2 жастағы балалар үшін орналастырылды.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі жастағы балалар санының өсуін ескере отырып, 3 және 6 жастағы балалардың қажеттілігінен мектепке дейінгі білім берумен қамтылуын 100% сақтау бойынша жұмыс жүргізілуде.

### **Жалпы орта білім беру**

Облыста 405 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді, олардың ішінде апатты – 1, үш ауысымда оқитын – 0.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру басында РБ есебінен облыс бойынша 1920 орындық 3 жаңа мектеп пайдалануға берілді (Павлодар

қаласының № 16 ЖОМ апатты мектептің орнына – 1200 орындық, Шарбақты ауданы Шарбақты ауылы – 300 орындық, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті – 420 орындық).

2015 жылғы 1 қазанда оқушылардың орын тапшылығы 3502 құрады, қазіргі уақытта – 2142.

Облыс бойынша мұғалімдер тапшылығы жоқ.

Мектептердің 78177 оқушысы үшін (89,4%) **367 (92,2%) мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылған.**

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес аз қамтылған отбасылардың оқушыларын (15050) тегін тамақпен 100% қамтыған.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтылған 23556 (жалпы оқушылар контингентінен 30,1%) оқушы, олардың ішінде әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балалары және бастауыш сынып оқушылары. Екібастұз қаласында қамту көрсеткіші төмен (7,8%, Павлодар қаласында – 11,9%).

2015 жылы **ҰБТ бойынша орташа балл 80,2 құрады** (2014 жылы – 79,85). **ТЖКБ ұйымдарының жүйесі** еңбек нарығының қажеттілігін және экономика мен әлеуметтік саланы дамыту болашағын қамтамасыз ете отырып, техникалық және жұмысшы мамандарды дайындауда басты рөл атқарады.

Бүгінгі күні облыста 50 ТЖКБ ұйымында 23940 адам білім алуда, олардың ішінде жұмыс беруші есебінен білім алушылар үлесі 0,8%-ды (202 адам) құрайды, бұл жұмыс берушілер тарапынан кадрларды дайындауға қызығушылықтың төмен екендігі байқалады.

14-тен 24 жастағы жастарды техникалық және кәсіптік білім берумен қамту 16,1%-ды құрайды.

**Есеп беру кезеңінде 6 көрсеткіш бойынша 100% орындау байқалауда:**

- облыста 3 ауысымды мектептер жоқ;
- сапалы және жайлы тасымалдаумен қамтылған оқушылар үлесі;
- аз қамтылған отбасылардың оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- мектеп алды дайындықпен қамтылған 5-6 жастағы балалар үлесі;
- 3-тен 6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту бойынша;
- ТЖКБ оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс есебінен білім алатындардың жалпы санынан кәсіпорындар базасында тәжірибеден өту үшін орындармен қамтамасыз етілген білім алушылар үлесі.

**18 көрсеткіш бойынша республикалықтан жоғары орындау байқалуда:**

- ағымдағы жылы білім беру ұйымдарына жұмыс істеу үшін қайта келген жас мамандар үлесі бойынша көрсеткіш 4,7%-ды (ҚР – 4,1%) құрады;
- біліктілікті арттырудан және тағлымдамадан өткен инженерлік-педагогикалық кадрлардың үлесі бойынша - 35% (ҚР - 22,4%);

- қамқоршылық кеңестерін құру - 87,6%, (ҚР – 46,6%);
- білім беру ұйымдарында электронды оқыту жүйесін пайдалану - 16,5% (ҚР – 15%);
- 1 компьютерге оқушылар саны - 6 (ҚР – 13);
- инклюзивті білім беру жағдайын жасаған мектептер үлесі бойынша – 48,8 жоспар кезінде 48,8 (ҚР – 30,5%);
- жаңа үлгідегі кабинеттері бар мектептер үлесі (химия, биология, физика, сервистік қызмет ететін лингафонды мультимедиялық кабинеттер) – 61,7 % (ҚР – 49,3%);
- апатты мектептер үлесі – 0,2% (ҚР – 1,8%);
- мектептерде оқушыларды спорт секцияларына қамту - 43,3% (ҚР – 27,3%);
- оқушыларды спорт мектептеріне қамту - 24% (ҚР – 13%);
- оқушыларды көркемөнер, музыка, техникалық, ғылыми шығармашылыққа қамту - 32,5% (ҚР – 24%);
- инклюзивті білім берумен қамтылған балалар үлесі – 45,8% (ҚР – 27%);
- алғашқыдан тәуелсіз бағалау біліктілігінен өткен ТжКБ бітірушілер үлесі - 92,9% (ҚР – 85%);
- мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған ТжКБ оқу орындары бітірушілерінің бірінші жылы оқуын аяқтағаннан кейін жұмыспен қамтылуы және жұмысқа орналасу үлесі - 99,7%, (ҚР – 78,1);
- заманауи жабдықтармен жарақтандырылған ТжКБ оқу орындарының үлесі бойынша - 79,4% (ҚР – 75,2%);
- жастар саясаты және патриоттық тәрбие саласында іс-шараларды іске асыруға қатысатын жастар үлесі - 60% (ҚР – 37,6%);
- жастар ұйымдарының қызметіне қатысатын жастар үлесі – 54,7% (ҚР – 18,7%).

Республикалық көрсеткіштен жоғары барлық білім беру деңгейлердің жоғары және бірінші санаттары бар педагогтар үлесі – 57,8 (ҚР – 50,2%).

**Республикалық маңызы бар 9 облыстық көрсеткіштен төмен, олардың ішінде:**

- менеджмент саласында біліктілікті арттыру және қайта даярлаудан өткен білім беру ұйымдар басшыларының үлесі - 18,2% (ҚР – 49%);
- АКТ оқытуда қолдану бойынша біліктілікті арттырудан өткен педагогтар үлесі - 51% (ҚР – 59%).
- белгілі бір жастағы жастарды техникалық және кәсіптік білім берумен қамту – 16,1%, (ҚР – 16,6%).

**Сонымен қатар, облыс білім беру ұйымдары курстық дайындау бойынша рұқсат қағазды орындауды 100% қамтамасыз етеді.**

Мектептерде ағылшын тілінде жаратылыстану-математика циклі бойынша пәндерді оқытатын педагогтардың үлес көрсеткіші - 1,4% (ҚР – 2,4%). Мемлекеттік бағдарлама индикаторлары бойынша 2015 жылы бұл көрсеткіш 10% деңгейіне жоспарланған. Оны қамтамасыз ету үшін педагог

кадрларды арнайы дайындауды қажет етеді.

Жаратылыстану-математика пәндері бойынша оқу бағдарламаларын жақсы меңгерген оқушылар үлесі – 51,3% (ҚР – 55%), аталған пән бойынша білім сапасының объективтілігі ҰБТ-да расталады, ең аз білімді математика, физика мұғалімдерімен қамтамасыз ету проблемалары бар ауылдық мектептердің оқушылары көрсетеді.

Жалпы мектепке дейінгі ұйымдар санынан мектепке дейінгі шағын орталықтардың көрсеткіш үлесін жақсарту үшін - 62,3% (ҚР – 54,7%) ірі ауылдық шағын орталықтарды балабақшаларға ауыстыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Лицензия қазір талап етілмейді, ал материалдық-техникалық және кадрлық жағдайлары бар.

Республикалық облыстармен салыстыру бойынша балабақшалардың жалпы санынан жеке меншік балабақшаларының үлес көрсеткіштері төмен - 3,7% (РК – 32,9%). Жалпы облыста білім беру саласында мемлекеттік емес ұйымдар саны қысқартылуда. Қазіргі уақытта Павлодар қаласында 1 мектеп («Лингва» лицейі), 3 балабақша (Павлодар қаласында Smart kid, Ертіс ауылында «Райса» Павлодар ауданы Луганск ауылында «Бұлақ»), Павлодар қаласында 3 шағын орталық («Солнышко», «Лингва», «Самал») жұмыс істейді. Мемлекеттік емес нысандағы 3 ұйым жабылды, оның ішінде – Екібастұз қаласында 1 «Әлем» мектебі, Павлодар қаласында 2 шағын орталық («Сказка» ШО, «Асем-ай» ШО).

ТжКБ жүйесі бойынша республикалықтан төмен 2 көрсеткіш:

- ұлттық институционалды аккредиттеу үдерісінен өткен колледждер үлесі – 0% (ҚР – 2%); БҒМ деңгейіндегі рәсім соңына дейін әзірленбеген;

- білім алушылардың жалпы санынан жұмыс берушілер қаражаты есебінен ТжКБ білім алушылар үлесі – 0,8% (ҚР – 1%), бұл бағытта кәсіпорындармен жұмыс жүргізіледі, жыл сайын өсу көрсеткіш динамикасы бар.

**Мемлекеттік бағдарламада динамиканы жоспарламай-ақ 5 сандық көрсеткіш белгіленді**, оның ішінде «Назарбаев Зияткерлік мектебі» жобасы шеңберінде мектептер саны облыста 2013 жылы енгізілді. Көбінесе қалаларда оқушылар орнының тапшылығы 2142 бірлікті құрайды. Тапшылық себебі демографиялық фактор және көші-қон үдерісі болып табылады. Проблеманы шешу үшін 2014-2015 оқу жылының басында Баянауыл ауданы Майқайың кентінде 420 орындық мектеп, 2015 жылдың бірінші жартысында – Шарбақты ауданы Шарбақты ауылында (300 орындық) мектеп пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта 3400 орындық 5 мектептің, олардың ішінде Павлодар қаласының Кенжекөл ауылдық аймағы (600 орындық), Павлодар және Екібастұз қалаларының әрбіреуінде 1200 орындық, Ақсу қаласының Қалқаман ауылдық аймағында (300 орындық), Ертіс ауданы Қызылағаш ауылында апатты мектептің орнына 100 орындық мектеп құрылысы жүргізілуде.

57 «магнитті» шағын жинақталған мектепке әдістемелік және педагогикалық қолдау көрсету үшін 19 ресурстық орталық (тірек мектептері) құрылды.

Екібастұз қаласында 700 орындық аймақаралық орталықты қосу бойынша көрсеткіш орындалмады. Құрылыс жұмыстары тоқтатылған. Салынып жатқан ғимаратты тапсыру рәсімі аяқталған жоқ.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасады.